


Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г.Алматовқа



Мақтаарал ауданы «Ерке Сұлу»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі
Г.Каржауловадан

Мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы есебі

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» талапатры (*бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы 9 қарашадағы №1835 бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2025 жылдың 15-19 наурыз күндері Мақтаарал ауданы, «Ерке Сұлу» бөбекжай – балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік аттестаттау жүргізілген.

Нәтижесінде, білім беру қызметінде мемлекетті жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауда кесшіліктерге жол берілген.

Балабақша тарапынан бұзушылықтарды жою бойынша жұмыстар жүргізілді.

Кемшіліктер мен ұсыныстар толық жойылды:

1. Бағаланатын 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша балабақша педагогтерінің сапалық құрамы туралы мәлімет ұсынылмаған, мониторинг жүргізіліп, әдіскердің есебі талапқа сәйкестендірілді. Растайтын құжаттар балабақша сайтына ұсынылды.

2. Педагогтердің біліктілік санаты бойынша растайтын құжаттары балабақша сайтында ұсынылмаған. Педагогтердің балабақша менгерушісімен

бекітілген тарифтік тізім мен сапалық құрамы ұсынылды, растайтын құжаттар балабақша сайтына орналастырылды

3. Балабақша педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) сақталмаған. Балабақша педагогтері 5 жылдан асқан педагогикалық еңбек өтілі бар 1 педагог (Г.С.Қаржаулова) біліктілік санатын көтермеген, педагогикалық еңбек өтілі 10 жыл. Үлгілік қағидалардың 24-тармағына сәйкес келмейді.

4. 2024-2025 оқу жылының «Еркетай» кіші тобының «Аралық» кезеңінде 20 тәрбиеленушіге жүргізілген, алайда педагог пен баланың күтілетін нәтижесі 80 % пайызды құрап тұр. Болу керек 100% пайыз.

МАД тобының бақылау парағы толмаған (оқу жылы, топ атауы, кезеңі, мерзімі), индикатор, критерийлері көшіріліп қойылған.

Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтары берілген. Бастапқы кезеңде 8 топтан 185 балаға мониторинг жүргізіліп, алайда әдіскердің жиынтық есебі дұрыс есептелмегендіктен, «жоғары» «ортаңғы» «төменгі» деңгейлерді меңгергендігін анықтау мүмкін болмады.

2024-2025 оқу жылының мониторингтің «Бастапқы» кезеңінде әдіскер есебінің жиынтығы дұрыс емес. Ортаңғы топтар «Балауса» «Ромашка» «Звездочка» топтарының есебі түспеген.

Әдіскер жиынтық есебінің, ортаңғы «Звездочка» тобының мониторингтің «Бастапқы» кезеңінің қорытындысы түспеген.

«Радуга» кіші тобының «Аралық» кезеңінде 20 тәрбиеленушіге жүргізілген, алайда педагог пен баланың күтілетін нәтижесі 80% пайызды құрап тұр. Болу керек 100% пайыз.

«Ромашка» ортаңғы тобының «Аралық» кезеңінде 20 тәрбиеленушіге жүргізілген, алайда педагог пен баланың күтілетін нәтижесі 80 % пайызды құрап тұр. Болу керек 100 % пайыз.

Әдіскер есебі дұрыс жасалмаған, физикалық қасиеттерде көрсетілген 3 топтың ортақ 70 бала қатысымы көрсетілсе, алайда басқа 4 дағдылар бойынша жалпы 75 бала көрсетіліп, есебі шығарылған.

Мектепалды «Толағай» тобының қорытындысы мен пайызы шықпаған.

Әдіскердің жиынтық кестесі бойынша «жоғары» «орташа» «төмен» деңгейлері жалпы есебі шығарылмағандықтан, бағалау мүмкін болмады.

Балабақшада көрсетілген 8 топтың «Толағай» мектепалды тобы мен «Радуга» кіші топ балдарына ғана жеке даму карталары сайтқа жүктелен. Басқа топтардың жұмыстары сайтта жүктелмегендіктен бағалау мүмкін болмады. Алайда, баланың жеке даму картасының жүргізетін парақша ескі форматта, жаңа үлгіде толтыру қажет (атаулары ауысқан).

«Радуга» кіші тобының жеке даму картасы 20 балаға бірдей толтырылған.

Осылайша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланған, МДТО МЖМБС талаптарына сәйкестендірілмеген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.

5. 2023-2024 оқу жылының «Қорытынды» кезеңінде «Радуга» «Еркетай» кіші топтарында тізімде - 20 баладан, алайда мониторинг 25 балаға 100% пайыз көрсетілген.

«Ромашка» ересек топ мониторингті талапқа сай жүргізілмеген. Критерий мен индикатор іске аспаған. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесі бойынша төмендегі анықталған. Мамыр айында жүргізілген мониторингтің қорытынды кезеңі: Барлық топтың бала саны мен пайызы шығарылмаған. Әдіскердің жиынтық кестесі бойынша «жоғары» «орташа» «төмен» деңгейлері анықтайтын пайызы, жалпы есебі шығарылмағандықтан, бағалау мүмкін болмады.

Осылайша, үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің қорытынды кезеңі бойынша тәрбиеленушілердің даму деңгейі анықтау мүмкін болмады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 21-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» 6, 7-тарауда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді. Балабақша тарапынан кемшіліктермен жұмыс жүргізу бойынша іс-шара жоспарлары жасалынып, түзету жұмыстары жүргізілді.

Балабақша тарапынан жоғарыда көрсетілген кемшіліктер жойылып, Сізден мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне қайта қорытынды беруді сұрайды.

Балабақша меңгерушісі:



Г.Каржаулова